

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында " Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісім жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1380 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Байғазықызы Самақоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді,

бұдан әрі Жалға алу шарты деп аталатын 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартын,

2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы

арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді негізге ала отырып, экологиялық қауіпсіздік талаптарын, табиғат пайдалану, қоршаған ортаны қорғау ережелерін ескере отырып, "Байқоңыр" кешенін пайдалану және ұстау қажеттілігін м о й ы н д а й о т ы р ы п , мына төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы келісімде мынадай терминдер мен айқындамалар пайдаланылады:

Мемлекеттік - уәкілетті мемлекеттік органдардың жоспарлы және экологиялық жобалық шешімдер нұсқаларының экологиялық тиімді сараптама және олардың қолданыстағы экологиялық нормалар мен ережелерге сәйкестігін бағалау жөніндегі қызметінің түрі.

Иондаушы - радиациялық қауіпсіздік нормаларының күші сәулелену көзі қолданылатын иондаушы сәулелену шығаратын немесе шығаруға қабілетті радиоактивті зат не құрылғы.

Қалдықтарды - белгілі бір мерзімге белгілі бір тәсілмен орналастыру орналастыруға рұқсат етілетін нақты түрдегі лимиті қалдықтардың шекті жол берілетін мөлшері

Ластаушы - оларды сақтау кез-келген жағдайда, қоршаған орта заттар шығарын- сапасының белгіленген өлшемдерін бұзуға әкеп дылары мен соқтырмайтын қоршаған ортаға әсер ету көздерінің төгінділерінің шекті сипаттамалары.  
ш е к т і ж о л  
б е р і л е т і н  
нормативтері

Қоршаған табиғи - адамға тікелей немесе жанама әсер ететін кәдімгі орта (табиғи) абиотикалық (жанама) және биотикалық факторлардың жиынтығы.

Өндірістік - кәсіпорындардың, ұйымдардың қоршаған табиғи экологиялық ортаның сапа нормативтерінің сақталуын тексеру, бақылау табиғатты қорғау және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі экологиялық заңнама талаптарын, жоспарлар мен іс-шараларды орындау жөніндегі тікелей қызметі.

Радиоактивтік - құрамына радионуклидтер кіретін зат.  
зат

Экологиялық қауіпсіздік - табиғи ортаға және халықтың денсаулығына келтіретін залал қатері болмайтын немесе жол берілетін деңгейдегі жағдай.

Ядролық қондырғылар - ядролық реакторлар, оның ішінде, атом станцияларының, ғарыш және ұшу аппараттарының реакторлары: өнеркәсіптік, эксперименттік зерттеу реакторлары, ядролық стенділер; кез-келген құрылыстар, кешендер, қондырғылар, ядролық материалдарды өндіруге, пайдалануға қайта өңдеуге, тасымалдауға және орналастыруға арналған жабдық және техникалық құралдар.

## **2-бап**

Осы Келісім Тараптардың өзара іс-қимылының "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында экология және табиғатты пайдалану мәселелері бойынша негізгі бағыттары мен шарттарын айқындайды.

## **3-бап**

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде Жалға алу шартын іске асыру шеңберінде "Байқоңыр" кешенінің аумағында кәсіпорындар мен ұйымдардың әскери бөлімдердің басқа да заңды және жеке тұлғалар қызметінің тәртібі өздерінің мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес Тараптар арасындағы жеке хаттамамен айқындалады.

## **4-бап**

### **Р е с е й                    т а р а б ы :**

Осы Келісімнің 3-бабына сәйкес белгіленетін, экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтай отырып, табиғатты пайдалануды;

зымыран-тасығыштардың бөлінетін бөлшектерінің құлау аудандарын қоса алғанда, "Байқоңыр" кешенін ведомстволық экологиялық бақылау және оның мониторингі қызметтерінің жұмыс істеуін;

зымыран-тасығыштардың бөлінетін бөлшектерінің құлау аудандарын қоса алғанда, "Байқоңыр" кешенін өндірістік экологиялық бақылауды және оның мониторингін жүргізуді, бұл ретте, Ресей Тарабының уәкілетті органдары бекіткен мониторингтің жылдық жоспарлары Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына жіберіледі;

зымыран-тасығыштардың бөлінетін бөлшектерінің құлау аудандарын тазарту жөнінде іс-шаралар жүргізуді;

белгіленген тәртіппен "Байқоңыр" кешенінің объектілері (объектілер топтары) үшін қоршаған ортаға ластаушы заттардың шекті жол берілетін шығарындыларының, төгінділерінің нормативтерін және пайдалану мен жобалау-конструкторлық құжаттамалардың негізінде қалдықтарды орналастыру лимиттерін әзірлеуді және белгіленген тәртіппен жаңадан салынатын объектілер үшін табиғатты пайдалануға рұқсат алу үшін қажетті материалдарды ұсынуды;

кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да заңды және жеке тұлғалардың ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары, төгінділері үшін төлемдерін уақтылы енгізуді және өндірістік әрі тұрмыстық қалдықтарды о р н а л а с т ы р у д ы ;

"Байқоңыр" ғарыш айлағын, оның ішінде зымыран-тасығыштардың бөлінетін бөлшектерінің құлау аудандарын экологиялық паспорттауды;

Ресей федерациясының аумағынан йондық сәулелену көздерін және ядролық қондырғыларды "Байқоңыр" кешеніне әкелуге (әкетуге), оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органына әкелудің (әкетудің) жоспарланған мерзіміне дейін екі ай бұрын берілетін өтінім бойынша жүзеге асырылатын, ғарышқа қайтарусыз жөнелту үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген лицензияның (бір жолғы рұқсат) болуын. Өтінімде радиоактивті заттардың, ядролық қондырғылардың түрі (тұрпаты), оларды жеткізудің тәсілі мен бағыты, "Байқоңыр" кешенінде болу м е р з і м і к ө р с е т і л е д і ;

Қазақстан Республикасының қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы өкілетті мемлекеттік органдары өкілдерінің тиісті екі жақты келісімдерде (ережелерде) айқындалған тәртіппен бақылау жүргізу үшін "Байқоңыр" кешені объектілеріне енуін;

Тараптардың уәкілетті органдары бекіткен нормативтік құжатты ескере отырып, Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасына сәйкес зымырандар мен зымыран-тасығыштардың перспективаны үлгілеріне арналған жобалау материалдарына мемлекеттік экологиялық сараптаманы және Қазақстан Республикасының уәкілетті органына қоршаған табиғи ортаға әсер ету бөлігіне сараптаманың нәтижелерін ұ с ы н у д ы ;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Байқоңыр" кешенінің жаңа объектілерін салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жөндеу жобаларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптамасына ұсынуды;

теріс экологиялық зардаптарымен байланысты авариялар туралы атқарушы биліктің мемлекеттік органдарын уақытылы және толық хабардар етуді;

Қазақстан Тарабының өкілдерін жіберуімен, "Байқоңыр" кешенінің қызметімен байланысты авариялардың зардаптарын, зымыран отыны құрамдас бөліктерінің ағуын, радиоактивтік ластануларды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді.

## 5-бап

### Қ а з а қ с т а н                    т а р а б ы :

Тараптардың уәкілетті органдары бекіткен нормативтік құжаттарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңа объектілер мен құрылыстарды салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жөндеу жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді, Ресей Тарабының уәкілетті органдары берген материалдардың негізінде қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтерін және кешеннің объектілері қалдықтарын орналастыру лимиттерін бекітуді және "Байқоңыр кешенінде жаңадан салынатын объектілер үшін табиғатты пайдалануға рұқсаттар беруді;

Ресей тарабының сұрау салуы бойынша авариялардың теріс экологиялық зардаптарын және зымыран отының құрамдас бөліктерінің ағуын жою жөніндегі жұмысқа өз өкілдерінің қатысуын;

"Байқоңыр" кешенінің аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары, төгінділері үшін төлемдерді уақтылы енгізуін және қалдықтарды орналастыруын;

Қазақстан Тарабы қарамағында орналасқан "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы объектілерді экологиялық паспорттауды;

"Байқоңыр" ғарыш айлағының Қазақстан тарабының қарауындағы кәсіпорындары мен объектілерінің қалдықтарын орналастыру бойынша Ресей Тарабының уәкілетті органына "Байқоңыр" ғарыш айлағы экологиялық паспортын толтыру және қоршаған ортаның мониторингі бойынша статистикалық есеп жүргізу үшін қажетті, келісілген көлемде деректер ұсынууды;

Тараптардың уәкілетті органдарымен бекітілген ережеде белгіленген тәртіппен "Байқоңыр" кешенінің объектілеріне мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізуді;

Ресей және Қазақстан Тараптары дайындаған бірлескен материалдардың негізінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы "Байқоңыр" кешеніндегі экологиялық жағдайдың жай-күйі туралы халықты хабарландыруды қамтамасыз етеді.

## 6-бап

"Байқоңыр" кешенінің аумағында, оның ішінде зымыран-тасығыштардың бөлінетін бөлшектерінің құлау аудандарында теріс экологиялық зардаптарды жою жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін бақылау үшін Тараптар, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша кіші комиссиясы шеңберінде жұмыс комиссияларын (топтарын) құрады.

## **7-бап**

"Байқоңыр" кешенін пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласында, оның ішінде, бірлескен бағдарламалар бойынша ғылымы-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізеді.

Бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде осы бағдарламалар бойынша үйлестіруші болып табылатын бірлескен ғылыми-техникалық кеңес қалыптастырылады.

Тараптар белгіленген тәртіппен жоғарыда белгіленген тақырып бойынша өздерінің қарауындағы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

## **8-бап**

Тараптар "Байқоңыр" кешені аумағына көму, кәдеге жарату, жою және сақтау мақсатында радиоактивті, уытты, оның ішінде, улы заттарды әкелуге тыйым салынатыны туралы уағдаласты.

## **9-бап**

Осы Келісімнің орындалуын бақылау:

Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетіне;

Ресей Тарабынан - Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігіне, Қорғаныс министрлігіне және Байқоңыр қаласының әкімшілігіне жүктеледі.

## **10-бап**

Осы Келісімінің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша кіші комиссиясының қарауына береді.

## **11-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішілік ресімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің және аталған Келісімнің 3-бабында көрсетілген Хаттаманың күшіне енген сәтінен бастап 1997 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін Ресей

Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісім күшін жояды.

## **12-бап**

Тараптардың өзара келісімімен Келісімнің мәтініне осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамаларды жасау жолымен өзгерістер және толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2004 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_, әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей заңды күші бар.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*